

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 316 "Тұрғын үй қорын күтіп-ұстау қағидаларын бекіту туралы" шешімі күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 585 шешімі . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қазанда № 7554 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, 50 бабының 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 316 "Тұрғын үй қорын күтіп-ұстау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-1-187 болып тіркелген, 2018 жылғы 3 мамырда электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) шешімі күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы,
сессия төрайымы*

С. Шинтасова